

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қазандағы N 1022 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 ақпандағы N 141-1 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы N 1654 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.23 N 1654 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қазандағы N 1022 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 37, 487-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымына:

"Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі" деген 2-бөлімде:

2 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сәулет және қала құрылысы департаменті (басқармасы)";

"6. Тұрғын үй департаменті (басқармасы)";

мынадай мазмұндағы 1-1, 15-1 және 17-1-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын әкімшілендіру департаменті (басқармасы)";

"15-1. Құрылыс департаменті (басқармасы)";

"17-1. Энергетика және коммуналдық шаруашылық департаменті (басқармасы)".

2. Алматы, Астана қалаларының әкімдері "Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 қаулысымен бекітілген штат санын лимиті шегінде осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

